


Олар сенен пәтуа сұрайды. Оларға айт: "Алла сендерге "Кәлала" жайында пәтуа береді: (4-С.12-А.) Егер әке-шешесі және баласы жок біреу өлсе, оның бір қыз туысы болса, сонда оған қалған мирастың жартысы тиеді. Егер өлген әйел болып, оның баласы болмаса, ерекк туысы оның мирасқоры болады. Егер өлгеннің қыз туысы екеу болса, екеуіне қалған мирастың үштен екісі тиеді. Және мирасқорлар ер, әйелдер аралас болса, сонда бір ерге екі әйелдің сыбагасындай тиеді. Алла (Т.) адасарсыңдар деп сендерге ашық түсінік береді. Алла әр нәрсені толық біледі." (176)

5-МӘИДА СҮРЕСІ

Мединеде түскен. Жұз жиырма аят.
Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын.
Эй мұміндер! Уәделеріңді орындандар. Сендерге ыхрамда аңды халал санамау шартымен, сендерге түсіндірілетіндерден басқа хайуандар халал кылынды. Құдіксіз Алла не тілесе оны әмір етеді. (1)
Эй иман келтіргендер! Алланың белгілеріне, (хаж ғамалдарына), құрметті айға, құрбандықтарға, мойындарына тағылған белгілерге және Раббыларының ризалығын,




ілтипатын іздең, ардақты түге (Кағбага) келуші хажыларға құрметсіздік етпендер. Және қашан ыхрамнан шықсандар аң аулай аласыңдар. Және сендерді Месжіт Харамнан тосқан елдің кегі, шектен шығулатыңа сұлтау болмасын. (Сендерді Кағбадан тыйған болса да, кек сақтамаңдар.) Жақсылыққа, тақуалыққа жәрдемдесіндер. Қынәга және дүшпандыққа жәрдемдеспендер. Алладан қорқындар! Құдіксіз Алланың азабы катты. (2)




Сендерге: Өлексе, аққан қан, доңыз еті және Алладан басқаңың атымен бауыздалған мал арам қылынды. (2-С.173-А.) Бірде буынып, үрліп, құлап, сүзіліп өлген малдар және жыртқыш жеген мал арам. Бірақ (жаны шықпай) бауыздағандарың басқа. Және тігілген тасқа (бұтқа) арнап бауыздалған мал әрі оқтар арқылы талай сынауларың (бал ашуларың) да арам етілді. Бұларың бұзықтық. Бұгін кәпірлер діндеріңден (tosудан) күдер үзді. Олардан қорықпаңдар, Менен

қорқындар. Бұгін діндеріңді толықтастырылған және нығметімді тамамдады. Сондай-ақ сендерге Ислам дінін қоштап ұнаттым. Кім аштықтан шарасыз қалса, күнәға ауытқымаса (жеуге болады.) Шәксіз Алла тым жарылқаушы, ерекше мейірімді. (3) Олар, сенен өздеріне не нәрсенің халал қылынғандығын сұрайды: "Сендерге таза нәрселер (дін бойынша халал нәрселер. М.Ж.К.) халал қылынды" де. Және де Алланың өздеріңе білдіргенін үйретіп, тәрбиелеген жыртқыштарды: Алланың атын айтып (аңға) салсандар, сендер үшін ұстагандарын жеңдер. Алладан қорқындар, күдіксіз Алла (Т.) есепте өте тез. (4) Бұгін сендерге жақсы нәрселер халал етілді. Кітап берілген (Христиан, Яқуди) дердің та мағы (бауыздандары. Б.Ж.М.К.Р.Т.) халал етілді. Сендердің тамақтарың оларға да халал етілді. Және мұміндерден абырайлы әйелдермен әрі сендерден бұрын Кітап берілген (Христиан, Яқуди) дерден де абырайлы әйелдермен мәкірлерін беріп, бой сұтушы, астыртын көңілдес болмай үйленулерің халал етілді. Кім иманга қарсы шықса, Сонда оның ғамалы жойылды және ол, ақиредте де зиян етушілерден болады. (5)




Эй мұміндер! Қашан намазға тұрсаңдар, (тұрарда,) жүздерінді және шынтақтарға дейін қолдарыңды жуындар. Бастарыңа мәсих тартыңдар. (сипандар.) Және екі тобықтарға дейін аяқтарыңды жуындар. Егер де жүніп болсандар, (бой дәретсіз болсандар,) толық тазаланыңдар. (Шомылыңдар.) Егер науқас не сапар да болсандар немесе сендерден біреу тұзге отырып келсе не әйелге жақындассаңдар, сонда су таба алмасаңдар таза жерге тәјammum соғыңдар; онымен беті–қолдарыңды сипандар. Өйткені, Алла, сендерге ауышылық қаламайды. Бірақ, сендерді тазартуды сондай-ақ шүкірлік етулерің үшін сендерге нығметтерін тамамдауды қалайды. (6) Алланың сендерге берген нығметін және: "Естідік, бой ұсындық" деп байлаған серттерінді

еске алыңдар! Эрі Алладан қорқыңдар! Күдіксіз Алла көкіректегілерді толық білуші. (7) Эй мұміндер! Алла үшін қуәлікте туралық үстінде мықты тұрыңдар. Және бір елдің өшпендейлігі сендерді әділсіздікке тартпасын. Эділдік істендер. Сол тақуалыққа жақынырақ. Және Алладан қорқыңдар. Күдіксіз Алла не істегендеріңнен толық хабар алушы. (8) Алла (Т.) сондай иман келтіріп, ізгі іс істегендерге жарылқау әрі ірі сыйлық уәде етті. (9)



Сондай қарсы келіп, аяттарымызды өтірікке үйарғандар, солар тозақтық. (10) Эй мұміндер! Алла (Т.) ның сендерге берген бағын еске алыңдар: Сол уақытта бір ел (сүйк) қолын созған еді де, Алла олардың қолын сендерден тосқан еді. Сондықтан Алладан қорқыңдар және мұміндер Аллаға тәуекел етсін. (11) Расында Алла Израил үрпақтарынан уәде алған еді. Олардан он екі бастық жіберген едік. Алла (оларға): "Мен сендермен біргемін; егер на мазды

орындасандар, зекет берсеңдер, елшілеріме иман келтіріп, оларға кемек берсеңдер және Аллаға көркем қарыз берсеңдер, (Алла жолында мал жұмсасандар,) әлбette жамандықтарынды жойып, сендерді астарынан өзендер ағатын бақшаларға кіргіземіз. Ал сонда сендерден біреу қарсы болса, тұра жолдан адасқан болады" деді. (12) Сонда олардың серттерін бұзулары себепті оларға лагынет етіп, жүректерін қатайттық. Олар, (Тәурат) сөздерін орнынан өзгертіп, оларға берілген үгітті ұмытты. Олардың өте азынан басқасының қиянаткерліктерін ұдайы сезіп отырасың. Сонда да оларды кешірім етіп, елеме. Расында Алла (Т.) иглік істеушілерді стүеді. (13)



Және "Христианбыз" дегендерден де серт алған едік. Дегенмен олар да берілген үгіттен үlestерін ұмытты. Сондықтан араларына қиямет күніне дейін дұшпандық, өштік салдық. Және Алла (Т.) оларға не істегендерінің хабарын тез береді. (14) Эй Кітап иелері! Сендерге Кітаптан жасырган нәрселеріңің көбін ашық түсіндіретін және көбірегінен елемей өтіп кететін Елшіміз келді. Расында сендерге Алладан бір нұр және ашық, бір Кітап (Құран) келді. (15) Алла (Т.) кім ез ризасына үйлессе, сол Кітап арқылы есендік жолдарына салады


және ез нұсқауымен қарағызықтардан жарыққа шыгарып түп-тура жолға салады. (16) Расында: "Алланы, Мәріем ұлы Мәсих" дегендер кәпір Болды. "Егер Алла, Мәріем ұлы Мәсихты және оның шешесін де, тіпті жер жүзіндегі біртұтас жан иесін жоқ, етуді қаласа, Алладан құтқаруга кім ие?", - де. Көктер мен жердің және екеуінің арасындағылардың иелігі Аллага тән. Ол қалағанын жаратады әрі Алланың әр нәрсеге толық күш жетуші. (17)




Янудилер мен Христиандар: "Біздер Алланың ұлдары және стыйгендеріміз" деді. Оларға айт: "Онда Алла күнәларың себепті сендерді неге азаптайты? Керісінше сендер Алланың жаратқан адамысындар." Алла қалаган кісісін жарылқап және қалаган кісісін азаптайты. Көктердің және жердің әрі екі арасындағылардың барлығы Алланың иелігінде және барада жерде Оның алды. (18) Эй Кітап иелер! Пайғамбарлардың арасы түзілгенде, сендерге Елшіміз келді. "Бізге

қуантушы, қорқытушы келмеді" десіндер деп, міне сендерге қуантушы, қорқытушы Елші келді. Алла (Т.) наң барлық нәрсеге толық күші жетуші. (19) Бір заманда Мұса (F.C.) өз еліне: "Эй елім! Алланың сендерге берген нығметін еске алыңдар! Өз іштерінде пайғамбарлар шығарды, әрі сендерді патшалар жасады. Сондай-ақ сендерге әлемде ешкімге берілмен нығметін берді" деген. (20) Және: "Эй елім! Алла, сендерге жазған қасиетті жерге (Құдыс, Шамға) кіріңдер. Арттарыңа қайтпаңдар, әйтпесе зиян етушілерге айналасыңдар" деген. (21) Олар: "Эй Мұса! Ол жерде зорлықшыл ел бар. Олар ол жерден шықпайынша біз ол жерге әсте кірмейміз. Егер олар ол жерден шықса әрине кіреміз" деді (22) Қорыққандардан болып, өздерін Алла нығметке бөлекен екі кісі: "Олардың үстіне қақпадан кіріңдер. Сонда қашан одан кірсендер, сендер үстем боласындар. Егер мұмін болсаңдар Аллага тәуекел етіңдер" деді. (23)

"Эй Мұса! Олар ол жерде тұрғанда біз оған тіпті кірмейміз. Өзің және Раббың барып соғысындар. Эрине біз мұнда отырамыз" деді. (24) (Мұса F.C.): "Раббым! Мен өзіме, туысмағана ие бола аламын. Бұзакы елден арамызды ажырата көр!", - деді. (25) (Алла Т.): "Енді оларға, ол жер шынайы түрде қырық жыл арам қылышынды. Олар сол жерде абыржып жүреді. Онда бұзакы елге қайғырма" деді. (26) (Мұхаммед F.C.) оларға Адам (F.C.) ның екі ұлының әңгімесін шынайы түрде оқы: "Сол уақытта екеуі Аллаға жақындық үшін құрбан шалған еді. Сонда біреуінен қабылданып, екіншісінен қабылданбаган еді." (Құрбаны қабылданбаган Қабыл): "Элбетте мен сені өлтіремін" деді. Сонда (Набыл): "Алла сезсіз тақуалардың құрбаның қабыл етеді" деді. (27) "Сен мені шын өлтіруге қол созсаң да, мен сені өлтіру үшін қол созбаймын. Күдіксіз мен әлемдердің Раббы Алладан қорқамын!" (28) "Сезсіз мен, сенің өз күнәңмен менің күнәмді жүктеп, тоzaқтық болуыңды қалаймын. Осы, залымдардың жазасы." (29) Сонда оның нәпсісі, туысын өлтіруге қызықтырыды да ол, оны өлтіріп, зиянға үшыраушылардан болды. (Адам F.C. егіз үл-қыздарды ауыстырып үйлендіреді еken. Бірақ




Қабыл өз сынарымынды аламын деп, Набыл екеуі серттесіп құрбан шалғанда құрбаны қабылданбаган Қабыл, Набылды өлтіріп, қайтеріп білмей көтеріп жүргенде Құдіретше екі қарға таласып бірін-бірі өлтіріп, көмгенін көріп, көмеді. Б.М.Р.К. т.б.) (30) Сонда Алла, оған туысының өлігін жасыруын көрсетуі үшін жіберген қарға, жерді қаза бастағанда: "Әттең! Маган не болды? Туысының денесін көмген қарға құрлы бола алмадым ба?", - деді де, екінушілерден болды. (31)




Соның салдарынан Израил тұрақтарына: Кім кісі өлтірмеген немесе жер жүзінде бұзақылық қылмаған біреуді өлтірсе, сонда шынайы тұрде барлық адамды өлтіргенмен және кім оны тірілтсе, (өлімнен құтқарса,) барлық адамды тірілткенмен тең деп жаздық. Расында оларға елшілеріміз ашық дәлелдермен келді. Бірақ содан кейін де олардың көбірегі жер жүзінде шектен шыгушылар болды. (32) Алла және Елшісімен жағаласқандардың және жер жүзінде

бұзақылық жасап жүргендердің жазасы: Өлтірілулері, не асылулары, яқи; қол-аяқтарының қигашталып кесілулері немесе жерден айдалулары. Бұл олардың дүниедегі жапасы. Және олар үшін ахиретте ірі азап бар. (33) Бірақ сендердің оларға ықбалдарың жүруден бұрын тәубе қылғандар басқа. Сонда Алла (Т.) ның аса жарылқаушы, ерекше мейірімді екенін біліндер. (34) Эй иман келтіргендер! Алладан қорқындар, Оған жақындасуды іздендер. (Бой ұсыну арқылы тырысындар. М.Ж.Р. т.б.) Және екі дүниеде құтылып мұратқа жетулерің үшін, Оның жолында күресіндер. (35) Күдіксіз сондай кәпірлер жер жүзіндегі барлық нәрсені және онымен бірге тағы сондай нәрсені қиямет күнінің азабынан (құтылу үшін) төлеуге салса да олардан қабыл етілмейді де, оларға жан түрішгерлік қинау бар. (36)



Олар оттан шыгуларын қалайды. Дегенмен олар одан шыгушы емес. Және олар түшін тұрақты азап бар. (37) Ер және әйел үрнәң, қылмыстарына жаза әрі Алладан бір өнеге түрінде қолдарын кесіндер. Алла (Т.) аса үстем, хикмет иесі. (38) Ал кім зұлымдықтан кейін тәубе қылса, түзелсе, сонда шәксіз Алла оның тәубесін қабыл етеді. Алла аса жарылқауыш, ерекше мейірімді. (39) Расында көктер мен жердің әкімшілігі Аллага тән екенін білмедің бе? Кімді қаласа жазалайды да, кімді қаласа жарылқайды. Эрі Алланың әр нәрсеге күші жетуші. (40) Эй Пайғамбар! Ауыздарымен: "Сен дік" деп, жүректері сенбегендермен Яъудилерден күпірде жарысқандар сені кейітпесін. Олар етірікке құлақ асады; сондай-ақ саған келмеген басқа бір қауым түшін тыңдайды. Және олар сөзді орындалғаннан кейін езгерте: "Егер сендерге осы берілсе, оны алыңдар да, егер ол

берілмесе, онда бой тартындар!" - дейді. (Хайбар Яъудилері зинашы ер, әйелді Тәурат тұкімі бойынша елтіруге қымай: Өлім жазасын берсе, алмаңдар да, дүре жазасын берсе алыңдар" деп Мұхаммед F.C. ға жібереді. Б.Ж.М.К. т.б.) (Мұхаммед F.C.) Алла (Т.), біреудің бұзылуын қаласа, сен ол түшін Алладан дәненеге ие бола алмайсың. Міне солар, Алланың жүректерін тазартуды қаламағандар. Оларға дүниеде жапа әрі ахиретте де, зор азап бар. (41)



115

Олар өтірікке құлақ салуышы, арам жеушілер. (Мұхаммед F.C.) егер олар саған келсе, араларына үкім бер, немесе олардан жұз бұр. Егер олардан жұз бұрсаң да, олар саған ешбір зиян бере алмайды. Ал егер араларына үкім берсөң, тура үкім бер. Шәксіз Алла турашылдарды сүйеді. (42) Олардың қасындағы Тәуратта Алланың үкімі бола тұра саған қалайша жүгініседі? Соナン соң да одан олар бас тартады. Өйткені олар сенуші емес. (43) Күдіксіз Тәуратты түсірдік, онда

тура жол және нұр бар. Аллаға бой тұсынған пайғамбарлар, Яъудилерге онымен үкім етер еді. Және Алланың Кітабын қорғауға міндettendірілген сопылармен ғалымдар да, онымен үкім етер еді. Олар оған қуәгер еді. Ендеше адамдардан қорықпандар да, Менен қорқындар және аяттарымды аз бір ақшага сатпаңдар! Кім Алланың түсіргенімен үкім етпесе, міне солар қарсы болушылар. (44) Оларға Тәуратта: Жанға жан, көзге кез, мұрынға мұрын, құлаққа құлак, тіске тіс және жарапарға да, қарама-қарсы төлеу (қысас) жаздық. Дегенмен біреу, оны кешірім етсе, соңда ол оған кәппарат болады. (Өз күнәсі кешіледі.) Және кім Алла түсірген заң бойынша билік етпесе, міне солар залымдар. (45)

وَقَبِينَا عَلَىٰ إِثْرِهِمْ بِعِيسَىٰ ابْنِ مُرْيَمْ مُصَدِّقًا لِّمَا بَيْنَ يَدَيْهِ مِنْ
الْتَّوْرَةِ وَإِيمَنَتِهِ إِلَيْهِ بِخَيْلٍ فِيهِ هُدًىٰ وَنُورٍ وَمُصَدِّقًا لِّمَا بَيْنَ
يَدَيْهِ مِنَ الْتَّوْرَةِ وَهُدًىٰ وَمَوْعِظَةٌ لِّلْمُتَّقِينَ ﴿١﴾ وَلَيَخُنُكُوا
أَهْلُ الْإِيمَانِ بِمَا أَنْزَلَ اللَّهُ فِيهِ وَمَنْ لَّمْ يَحْكُمْ بِمَا أَنْزَلَ
اللَّهُ فَأُولَئِكَ هُمُ الْفَاسِقُونَ ﴿٢﴾ وَأَنْزَلَنَا إِلَيْكَ الْكِتَابَ
بِالْحَقِّ مُصَدِّقًا لِّمَا بَيْنَ يَدَيْهِ مِنَ الْكِتَابِ وَمُهَمِّمًا
عَلَيْهِ فَاحْكُمْ بِمَا يَنْهَا مِنْ أَنْزَلَ اللَّهُ وَلَا تَتَبَيَّنَ أَهْوَاءُهُمْ
عَمَّا جَاءَكُمْ مِّنَ الْحَقِّ لِكُلِّ حَلَّنَا مِنْكُمْ شَرِعَةٌ وَمِنْهَا جَاءَ
وَلَوْسَاءُ اللَّهُ لِجَعَلَكُمْ أَمَةً وَاحِدَةً وَلَكُمْ لِتَبَلُّوكُمْ فِي مَا
عَنْكُمْ فَاسْتَقِوْا الْخَيْرَاتِ إِلَى اللَّهِ مَرْجِعُكُمْ جَمِيعًا
فِيذَّكِيرُكُمْ بِمَا كُنْتُمْ فِيهِ مُخْلِلُوْنَ ﴿٣﴾ وَأَنْ أَحْكُمْ بِمَا يَنْهَا
أَنْزَلَ اللَّهُ وَلَا تَتَبَيَّنَ أَهْوَاءُهُمْ وَأَحَدُهُمْ أَنْ يَقْتُلُواكَ عَنْ
بعضِ مَا أَنْزَلَ اللَّهُ إِلَيْكَ فَإِنْ تُولَّوْا فَاعْلَمُ أَنَّمَا يُرِيدُ اللَّهُ مَنْ يُصْبِرُهُمْ
بِيَعْصِي دُوُّرِهِمْ وَإِنْ كَيْرَمًا مِّنَ النَّاسِ لَنْسِقُوْنَ ﴿٤﴾ أَفَحَكُمْ
الْبَهْلَةَ يَبْغُونَ وَمِنْ أَحْسَنُ مِنَ اللَّهِ حَكْمًا لِّقَوْمٍ يُوقَنُوْنَ ﴿٥﴾

116

Және пайғамбарлардың ізінше өзінің алдындағы Тәуратты растаушы етіп, Мәріем тұлы Фисаны жалғастырық. Эрі оған ішінде туралық, нұр болған алдындағы Тәуратты бекітуші сондай-ақ сақтанушылар түшін тура жол, түгіт түрінде Інжілді бердік. (46) Інжіл иелері ондағы Алланың нұскауымен тұқым етпесе, міне солар бұзқылар. (47) (Мұхаммед F.C.) саған шынайы түрде Құранды өзінен бұрынғы кітаптарды растаушы және оларды қорғаушы түрінде түсірдік. Олардың араларына Алланың өзіңе түсіргенімен тұқым кыл. Өзіңе келген шындықтан айрылып, олардың ойларына еліктеме! Сендердің ербіреулерің түшін бір жол-жоба қойдық. Егер Алла қаласа еді, барлығынды бір-ақ тимет қылар еді. А лайда сендерге берген жол-жобаларында сынамақшы. Ендеше жақсылыққа жарысындар.


Біртұтас барап жерлерің Алла жақ. Ол сендердің таласқан нәрселерінді білдіреді. (48) Олардың араларына Алланың түсіргенімен тұқым ет. Олардың ойларына ілеспе және саған Алла түсірген кей тұмдерден сені бұзуларынан сақтан! Егер олар жүз бұрса, күдіксіз Алла оларды кей күнәлары себепті қайғыға тышратуды қалайды деп біл. Расында адамдардың көбі бізық. (49) Олар жағишиет дәурінің тұқымін іздей ме? Анық нанған ел түшін Алладан жақсы жақсы тұқым беруші кім? (50)



жасыргандарына өкінер. (52) Ал сондай иман келтіргендер: "Шынайы түрде сендермен біргеміз деп, Алланың атымен мықты ант ішкендер осылар ма?" дейді. Олардың ғамалдары жойылып, зиян етушілерден болды. (53) Эй мұміндер! Сендерден кім дінінен шықса, Алла (Т.) жедел бір қауым әкеледі; Алла оларды жақсы көреді және олар да Алланы жақсы көреді. Мұміндерге карсы жұмсақ, кәпірлерге қарсы қатал, Алла жолында соғысады. Сөгіс берушілердің сөгісінен олар қорықпайды. Осы, Алланың қалағанына беретін ілтираты. Өйткені, Алла ете кең, аса білуші. (54) Шынайы түрде сендердің достарың Алла және Елшісі және де намазды толық орындастын, зекет беретін әрі рұқығ қылуышы мұміндер. (55) Кім Алланы, Елшісін және мұміндерді дос тутса, шынайы түрде Алланы жақтаған топ. Солар, женіске ие болады. (56) Эй мұміндер! Сендерден бұрын Кітап берілгендерден діндерінді сайқы-мазаққа алып ойыншиқ еткендерді дос түтпаңдар және кәпірлерді де дос көрмендер. Егер мұтін болсаңдар, Алладан қорқындар. (57)


Эй мұміндер! Яъудилер мен Христиандарды дос түтпаңдар! Олар бір-біреулерінің достары. Сендерден кім оларды дос тутса, сонда күдіксіз ол олардан. Расында Алла залым елді тұра жолға салмайды. (51) Сондай жүректерінде дерті бар мұнафықтардың: "Бізге бір стымдық келуінен (Мұсылманнан күн кетіп қалуынан) қорқамыз" деп, олардың арасында жүгіріп жүргендегін көресің. Бәлкім Алла бір женіс берер немесе өз қасынан бір әмір берер, сонда олар жүректеріндегі

Және қашан намазға (азан) шақырсаңдар, олар оны ойын қылып келекеге алды. Осы, олардың шынайы түрде түсінбейтін халық болғандықтарынан.(58) (Мұхаммед F.C. оларға) айт: "Әй Кітап иелері! Бізді Аллаға әрі өзімізге түсірілгенге және бұрынғы түсірілгенге иман келтіргендігіміз үшін ғана қоштамайсыңдар ма? Шынында көбің бұзақысыңдар." (59) (Оларға) айт: "Сендерге Алланың қасында жаза тұргысынан бұдан да жаманын хабарлайын ба?" Алла біреуді қарғап оған ашуласа және олардан маймылдар, доңыздар, тағы бүтқа табынатындар қылса, міне солар, орны жаман және тура жолдан мұлде адасқандар. (60) Және қашан олар сендерге келсе: "Иман келтірдік" дейді. Расында олар қарсылықпен кіріп және онымен шыққан болатын. Алла олардың жасырғандарын жақсы біледі. (61) Олардың көбірегінің күнәда, дүшпандықта және арам жеуде жарысқандарын көресің. Олардың істеген істері неткен жаман. (62) Егер олардың сопылары, галымдары; оларды күнәлі сөздерінен, арам жеулерінен тыйса еді! Әрине олардың істегендері нендей жаман. (63) Және Яңудилер: "Алланың қолы байланған (сараң)" деді. Бұл сөздері




118

себепті олардың қолдары байланып, лағынеттелді. Керісінше, Алланың құдырыет қолдары ашық, қалағанынша береді. Әрине Раббың тарапынан саған түсірілген (Құран), олардың көбінің азғындығын, қарсылығын арттырады. Сондай-ақ олардың арасына қияметке дейін дүшпандық, өштік салдық. Сондықтан әрқашан олар соғыс үшін от тамызса, Алла оны өшірді. Олар жер жүзінде бұзықтыққа тырысады. Алла бұзақыларды жақсы көрмейді. (64)




Егер Кітап иелері иман келтіріп, тақуалық қылса еді, әлбетте олардың жамандықтарын жойып, оларды Нагым жәннәтіне кіргізер едік. (65) Егер олар Тәурат, Інжілді және Раббылары тарапынан өздерінен түсірілгенде толық орындаса еді, әрине олар үстіңгі жақтарынан (ағаштардың жемістерінен) әрі аяқтарының астынан (жердің есімдіктерінен) жейтін еді. Олардың бір орташа тобы бар. Дегенмен олардың кебінің істеген істері жаман еді. (66) Эй Пайғамбар!

Раббың тарапынан түсірілгенде жалғастыр. Егер оны істемесең, елшілік міндетін жалғастырмagan боласың. Алла сені адамдардан қоргайды. Құдіксіз Алла қарсы болған елді тұра жолға салмайды. (67) (Мұхаммед F.C. оларға) айт: "Әй Кітап иелері! Інжіл, Тәуратты және Раббыларың тарапынан сендерге түсірілгенде толық орындағанға дейін дәнеце емессіңдер!" Эрине саған түсірілген Құран олардың кебінің азғындығын, қарсылығын арттырады. Сонда қарсы келген елге уайым жеме. (68) Негізінен Аллага сенгендер, Яъудилер, Сабилер, және Христиандардан кім Аллага, ахирет күніне иман келтіріп, ізгі іс істесе, сонда оларға қорқу да жоқ әрі қайғырмайды. (69) Эрине Израил тұрақтарынан серт алып, оларға елшілер жіберген едік. Қашан да оларға бір елші, көңілдері тартпаған нәрсе келтірсе бір белімін отірікке түгарып, бір белімін өлтіреді. (70)



Олар, (пайғамбарларды жалғандау, өлтірүлери себепті. Ж.М.Р. т.б.) бір сүмдік болмайды деп, ойлады да соқыр, саңырау болып алды. Соңсоң Алла олардың тәубесін қабыл етті. Және де олардың кәбі сокыр, саңырау болды. Алла (Т.) олардың не істегендерін толық көруші. (71) Расында Мәріем ұлы Мәсихты: "Алла" дегендер кәпір болды. Негізінде Мәсих: "Эй Израил ұрпақтары! Аллаға құлшылық қылышындар! Менің Раббым; әрі сендердің Раббыларың! Өйткені, кім Аллаға ортақ қосса, расында Алла оған жәннәтті арам етеді. Оның орны тозақ оты. Сондай-ақ залымдар үшін жәрдемші жок" деген. (72) Расында: "Алла, үштің үшіншісі" дегендер кәпір болды. Бір Тәңірден басқа тәнір жок. Егер олар бұл айтқандарынан тыйылмаса, олардан; сондай қарсы келгендеге күйзелтуші азап кездеседі. (73) Сонда да Аллаға тәубе етіп, жарылқану тілемей ме? Алла (Т.)

аса жарылқаушы, ерекше мейірімді. (74) Мәріем ұлы Мәсих; бір пайғамбар ғана. Одан бұрын да пайғамбарлар еткен. Оның анасы шыншыл. Екеуде тамақ жейтуғын. (Эй Мұхаммед!) Қара! Оларға аяттарымызды қалай ашық баян етеміз. Соңсоң қалай бұрылып бара жатқандарын көр! (75) (Мұхаммед F.C.) оларға айт: " Алладан өзге сендерге пайда, зиян келтіре алмайтынга құлшылық қыласындар ма?" Негізінде Алла, әр нәрсені естуші, білуші. (76)



121

(Мұхаммед F.C.): "Эй Кітап иелері! Діндерінде орынсыз шектен шықпаңдар және бұрынғы нақ жолдан адасқан әрі көптерді адастырган сондай-ақ тегіс жолдан азған қауымның әүесіне ілеспендер" д.e. (77) Сондай Израил ұрпақтарынан қарсы болғандарға, Дауыт және Мәріем ұлы Фиса (F.C.)ның тілі арқылы лағынет етілген. Ол қарсы келулері, шектен шығуларының салдарынан. (78) Олар бір-бірлерін істеген жамандықтарынан тыймайтын


болған. Расында олардың істегендері нендей жаман. (79) Олардан кебінің көпірлерді дос тұтқанын көресің. Алланың ашуына жолығып, азапта мәңгі қалатындықтан олардың ілгері жіберген нәрселері нендей жаман. (80) Егер олар Аллаға, Пайғамбарға және оған түсірілген Құранға иман келтірген болса, олардың көбі бұзакылар. (81) Эрине мұміндерге адамдардан ең қатты дүшпан түрінде Яъудилдерді, Мұшріктерді табасың. Және мұмірдерге сүйіспеншілік тұргысынан олардың жақынырагын: "Біз Христианбыз" дегендерден табасың. Бұл олардың даналары, тақуаларының болуы және олардың мемменсімейтіндіктері себепті. (82) (Хабашістанға барған Мұсылмандар, Христиан Нажжаши патшаның алдында Құран оқығанда ықылас білдірген екен. Ж.М.Т.Х.Ж.-К.)

وَإِذَا سَمِعُوا مَا أَنْزَلَ إِلَيْهِ الرَّسُولُ تَرَى أَعْيُنَهُمْ تَفِيضُ مِنْ
الآدَمَ مَعَ مَنَاعِرَهُ وَأَنَّ الْحَقَّ يَهُوَلُونَ رَبَّاً مَّا اتَّهَا فَكَبَّنَا عَمَّ
الشَّهَدَيْنَ ۝ وَمَا تَنَاهَى لَا تَقْوِيْنَ بِاللَّهِ وَمَا جَاءَ نَائِمَ الْحَقَّ
وَنَطَمَعُ أَنْ يَدْخُلَنَا بَعْدَهُمْ مَعَ الْقَوْمَ الْأَصْلَاحِيْنَ ۝ فَأَتَبَّهُمْ
اللَّهُمَّ إِنَّا قَالُوا جَنَّتِنَا بَحْرٌ مِّنْ تَحْتِهَا الْأَنْهَارُ خَلَدِنَا فِيهَا
وَذَلِكَ حَرَاءُ الْمُحْسِنِينَ ۝ وَالَّذِينَ كَفَرُوا وَكَذَّبُوا
يَتَبَيَّنُوا أُولَئِكَ أَصْحَابُ الْجَحْيِمِ ۝ يَكَانُوا إِلَيْهَا الَّذِينَ أَمْتَنُوا
لَا يَخْرُمُوا طَبِيبَتْ مَا أَحْلَلَ اللَّهُ لَكُمْ وَلَا تَعْنَدُوا إِنَّ اللَّهَ
لَا يُحِبُّ الْمُعْدِيْنَ ۝ وَكَلُّوْمَاتَ زَرْفَكُمُ اللَّهُ حَلَّلَ طَبِيبَ
وَأَنَّقُو اللَّهُ الَّذِي أَنْتُمْ بِهِ مُؤْمِنُونَ ۝ لَا يُؤَاخِذُكُمُ اللَّهُ
بِالْغَوْيِ فِي آيَتِنِّيْكُمْ وَلَكُمْ يُؤَاخِذُكُمْ بِمَا عَدْدُمُ الْأَيْمَنَ
فَكَفَرُهُمْ بِإِطْعَامِ عَشَرَةِ مَسْكِينَ مِنْ أَوْسَطِ مَانَطَعْمُونَ
أَهْلِكُمْ أَوْ كَسْوَهُمْ أَوْ تَحْرِيرُ رَقْبَتِهِمْ فَمَنْ لَمْ يَجِدْ فَضْيَامَ
مُلْثَثَةً أَيَّامَ ذَلِكَ كَفَرَةً أَيَّمَنِكُمْ إِذَا حَلَقْتُمْ وَأَحْفَظْتُمْ
أَيَّمَنِكُمْ كَذَلِكَ يُبَيِّنُ اللَّهُ لَكُمْ إِيَّاهُمْ لَعَلَّكُمْ شَكُورُونَ ۝

۱۲۲

Олар Пайғамбарға түсірілген (Құран) ді тыңдаған заманда, шындықты танығандықтарынан көздерінің жасқа толғанын көресің. Олар: "Раббымыз! Иман келтірдік, бізді куә болушылардан жаза көр!", - дейді. (83) "Аллаға әрі өзімізге келген шындықка неге иман келтірмей міз? Өйткені, Раббымыздың игі елдермен бірге етуінен үтіт етеміз." (84) Сонда Алла оларға бұл сөздері себепті астарынан езендер ағатын, онда мұлде қалатын бақшаларды бағыштады. Жақсылықтың бодауы осы. (85) Және қарсы болғандар, аяттарымызды етірікке жорығандар солар тозақтық. (86) Эй мұміндер! Алланың сендерге халал еткен жақсы нәрселерді арам етіп шектен аспандар. Шынында Алла шектен шыгушыларды жақсы көрмейді. (87) Және Алланың сендерге берген халал, таза несібесінен жеңдер. Сондай-ақ

ездерің иман келтірген Алладан қорқындар. (88) Алла (Т.) анттарыңдағы бос сөзді есепке алмайды. Алайда біле тұра істеген анттарыңдан жауапкер етер. (Ант бұзсандар.) Оның төлеуі: Үй-іштеріңде жегізетін орта есеппен он міскінді тамақтандыру, не оларды киіндіру, немесе бір құл азат ету. Мұны таппаган біреу, түш күн ораза ұстау. (Бұзған) анттарыңың жазасы осы. Анттарыңды қорғаңдар. Алла (Т.) сендерге аяттарын осылайша түсіндіреді, шүкірлік етерсіндер. (89)




123


Эй мұміндер! Арақ, құмар, тікілген тастар (бұттар) және бал ашатын оқтар лас, шайтанның істерінен. Одан сақтандыр, құтылардыңдар. (90) Негізінен шайтан, арақта, құмарда араларыңа дүшпандық әрі кек салып, Алланы еске алушан және намаздан тосуды қалайды. Ал сонда да тыйылмайсыңдар ма? (91) Аллаға бой ұсыныңдар және де Елшісіне бой ұсынып сақтандыр. Сонда егер жұз бұрсандар, біліндер! Пайғамбарымыздың міндегі ашық түрде жалғастыру ғана. (92) Иман

келтіріп ізгі іс істегендерге, қашан олар сақтанса, сене отырып игілік істесе, тағы сақтандып сенсе, сонаң соң сақтандып жақсылық істесе, (бұрынғы) жегендері күнө емес. Өйткені, Алла жақсылық істеушілерді жақсы көреді. (93) Эй иман келтіргендер! Алла, кімнің, өзін көрмей-ақ қорқатынын мәлімдеу үшін; ыхрамда, қолдарың, найзаларың жетіп тұрган аң арқылы әлбетте сендерді сыйнайды. Кім бұдан кейін шектен шықса, оған күйизелтуші азап бар. (Хұдайбияда Мұсылмандар ыхрам киген кезде, Құдыретше аң көбейіп, қол тиетін, найза жететін жерге келеді. Б.М.К.Р. т.б.) (94) Эй мұміндер! Сендер ыхрамда аң өлтірмендер. Сендерден біреу оны әтейге өлтірсе, оның жазасы; өлтіргеніңдей бір мал, оны, сендерден екі әділ кісі Кағбага баратын бір құрбанды үкім етеді. Не бодауына міскіндерді тамақтандыру немесе оның орнына ораза үстау. Бұл істегенің жазасын тату үшін. Алла (Т.) өткенді кешірді. Кім қайтадан істесе, Алла оны жазалайды. Алла ете үстем, өш алу күшіне ие. (95)

Сендерге теңіз аңы және оны жеу халал қылынды. Сендерге әрі жолаушыларға пайдалы. Және сендерге ыхрамдағы мезгіл бойынша құрылыштың аңы арам қылынды. Алдына жиналатын Алладан қорқындар. (96) Алла (Т.) құрметті түй Кағбаны, адам баласы үшін тұрақ қылды. Және құрметті айды, құрбандықты және мойнына тағылған белгілерді де. Бұл Алланың көктердегі әрі жердегі нәрселерді шынайы түрде білетіндігін және қудіксіз Алланың әр нәрсені толық білуші екендігін білулерің үшін. (97) Біліндер! Қудіксіз Алла қатты азап иесі, шынында Алла өте жарылқаушы, ерекше мейірімді. (98) Пайғамбарға жалғастыру ғана міндеп. Алла көрнеу істегендерінді де, жасыргандарыңды да біледі. (99) (Мұхаммед F.C.): "Сені арам нәрсенің кептігі қызықтыrsa да, лас пен таза бір емес. Ендеше, әй ақыл иелері! Алладан қорқындар, әрине құтыларсындар" де. (Хаж парыз болды деген аят түскенде Пайғамбардан: "әр жылы ма?", - деп сұрағандарға сол сәтте жауап бермей кейін: "Егер я деп жауап берсем әр жылы парыз болып қалатын еді" деген екен. Б.М.К.Х.Т.) (100) Эй үтміндер! Егер айқындалса сендерге жаман болатын нәрсені сұрамандар. Құран түсірлігендегі оны сұрасандар білдірілетін еді. Алла



оны кешті. Алла аса жарылқаушы, өте жұмсақ. (101) Расында сендерден бұрынғы бір ел де сейтіп сұрап, соナン кейін оған қарсы болған еді. (Араптар жаилииет дәурінде кейір малдарды бұтқа арнап, мінбей, саумай" баҳира, сайыба, уасила және хам" деп азат қылып қоя беріп мұны, Аллага құлшылық дейтуғын.) (102) Алла (Т.) "баҳира, сайыба, уасила және хам" деп арнауга бүйірмады. Бірақ қөпірлер Аллага өтірік жала қойды. Олардың көбі түсінбейді. (103)




Қашан оларға: "Алла түсірген Құранға және Пайғамбарға келіңдер" делінсе, олар: "Аталарымызды тапқан жол өзімізге жетеді" дейді. Ата-бабалары еш нәрсе білмеген және тура жолда болмаған болса да ма? (104) Әй мұміндер! Сендер өздеріңді түзелтулерің керек. Өздерің тура жолда болсаңдар, адасқан біреу сендерге кесір тигізе алмайды. Барлықтарыңың барап жерлерің Алла жақ. Сонда Алла сендерге не істегендеріңің хабарын береді.

(105) Әй мұміндер! Қашан сендерге өлім таяп, өсиет еткен сәтте, араларыңа өздеріңден екі әділ кісі, немесе сендер жер жүзінде жолаушы жүріп өлім қайғысы келсе, өздеріңден басқа екі айғак болсын. (Сауда бабымен Шамға барған бір Мұсылман өлерінде бұйымдарын екі Христиан жолдасына тапсырады. Бұлар Мединедегі мұрагерлеріне тапсырғанда, бір құнды нәрсесін алғып қалады. Б.М.Р.Ж.А.) Егер бұл куәлерден күдіктенсендер, намаздан кейін екеуін тосып қоярындар. Сонда екеуі: "Алланың атымен ант етеміз. Егер жақындарымыз болса да антымызды сатпаймыз, Алланың әмірі бойынша куәлікті жасырмаймыз. Егер жасырсақ, әлбette қунәкар боламыз" деп ант ішеді. (106) Сонда егер ол екеуінің қунәкар болғандықтары байқалса, әріптестер жақтан ең жақын лайықты екеу, олардың орнына тұрып: "Алланың атымен берген куәлігіміз ол екеуінің куәліктіңен көрі анығырақ. Эрі біз шектен шықладық. Егер олай істесек, әрине залымдардан боламыз" деп ант ішеді. (107) Бұл түп-тура куәлік берулеріне және анттан кейінгі анттың қабыл етілмеуінен қорқуларына ең жақын жағдай. Және Алладан қорқындар, әмірді тыңдандар. Алла бұзақы елді тура жолға салмайды. (108)



Киямет күні Алла (Т.) пайғамбарларды жинап алып: "Сендерге не жауап берілді?", - дейді. Олар: "Біздің ешбір мәліметіміз жок. Күдіксіз Сен гана көместерді толық білушісің" деп жауап береді. (109) Сол уақытта Алла (Т.): "Әй Мәріем ұлы Фиса! Саған әрі анаңа берген нығметімді есіце ал. Сол уақытта сені Жебірейіл арқылы қуаттаған едім. Бесікте және ержеткенде адамдармен сөйлесуші едің. Саған Кітапты, даналықты, Тәурат, Інжілді түрреттім. Және сол уақытта Менің бүйірыммен балшықтан құстың бейнесі құсаған жасап, оның ішіне үрлекеніңде бүйірыммен құс болатын еді. Және бүйірыммен іштен туган соқырды да, аламесті де жазатын едің. Және бүйірыммен өлкіті (тірлітіп) шығарар едің. Және сол уақытта Израил үрпақтарына ашық дәлелдермен келгенінде, олардың қарсы шыққандары: "Бұл ашық жадыдан басқа еш нәрсе емес" дегендеге, сені олардан қорғаган едім" деді. (110) Сол уақытта Хауариларға:

"Маган әрі Елшіме сеніңдер" деп білдірген едім. Олар: "Біз сендік, біздің шынары Мұсылман болғандығымызға күә бол" деген еді. (111) Сол уақытта Хауарилар: "Әй Мәріем ұлы Фиса! Раббың бізге көктен бір дастарқан түсіре ала ма?" деген еді. "Егер сенсендер Алладан қорқындар" деді. (112) Хауарилар: "Біздің одан жегіміз келеді. Жүректеріміз орнықсын әрі сенің бізге шын айтқаныңды білейік. Сондай-ақ оған күә болушылардан болайық" десті. (113)



Мәрйем ұлы Фиса: "Эй Алла! Раббымыз! Бізге аспаннан дастарқан түсір! Бұрынғы, соңғымызға мереке әрі Сенен бір белгі болсын. Бізді ризықтандыру шылдардың ең жақсысысың" деді. (114) Алла: "Күдіксіз Мен, ол дастарқанды түсіремін. Сонда, егер одан кейін сендерден кім қарсы келсе, шынайы түрде Мен оны дүниеде ешкімді азаптамаган азаппен азаптаймын" деді (115) (Сол уақта) Алла: "Эй Мәрйем ұлы Фиса! Адамдарға,

Алланы қойып, мені әрі анамды екі тәңір етіп алындар деп сен айттың ба?", - дейді. (Фиса F.C.): "Эй Алла! Сені пәктеймін. Тиісті болмаған нәрсені айту маган жараспайды. Егер деген болсам, сонда Сен, оны анық білесің. Сондай-ақ менің ішіндегіні Сен білесің, мен Сенікін білмеймін. Сен шынайы түрде көместерді толық білушісің" дейді. (116) Оларға: "Сен, маган бұйырганды ғана; Аллаға құлшылық қылыңдар! Менің әрі сендердің Раббыларың дегеннен басқаны айтпады. Олардың ішінде болғанымда, оларға байқаушы болдым. Сен мені алған шақта, оларға өзің бақылаушысың. Негізінде Сен әр нәрсені толық білушісің." (117) "Егер оларды азаптасаң да олар құлдарың, егер оларды жарылқасаң да күдікіз Сен аса тstem, хикмет иесісің." (118) Алла (Т.): "Бүгін шыншылдардың шындықтары пайда беретін бір күн. Оларға астарынан өзендер ағатын тұмақтар бар. Олар онда мәңгі қалады да, Алла олардан разы болады әрі олар да Алладан разы болады. Бұл ірі қол жеткендік" дейді. (119) Көктер мен жер әрі екі арасындағы лар Алланың меншігінде. Оның әр нәрсеге күші толық жетеді. (120)